



2021

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

02 МАЗМҰНЫ

17 ҚАТЫСУШЫ
БАНКТЕР

34 АҚПАРАТТЫҚ-
ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

03 ҚОЛДАНЫЛАТЫН
БЕЛГІЛЕР МЕН
АББРЕВИАТУРАЛАР

25 АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

37 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ

04 ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ

27 ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

39 ДКБЖ ДАМУ
ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

06 ҚОР ТУРАЛЫ

30 КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН
ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

42 КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

09 2021 ЖЫЛЫ ДКБЖ
ДАМЫТУ

32 БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ
КОМИССИЯЛАРЫНАН
ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР

47 ҚАРЖЫЛЫҚ
ЕСЕПТІЛІК

15 2021 ЖЫЛЫ
ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ

ҚОЛДАНЫЛАТЫН БЕЛГІЛЕР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР

ҚНРДА, Агенттік	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
Банк, қатысушы банк	ДҚБЖ қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерді қайтару бойынша міндеттемелеріне Заңға сәйкес кепілдік берілген, екінші деңгейдегі банк (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы)
Агент банк	ДҚБЖ қатысушысы болып табылатын және Қормен жасалған келісім негізінде кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
Қосылу шарты	Талаптарын Қор айқындаған және ДҚБЖ-ға кіретін барлық банктер (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалдары) үшін стандартты болып табылатын банктің ДҚБЖ-сіне (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының) қосылу шарты
ЕАЭО	Еуразиялық экономикалық одақ
БЖЗҚ	Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры
Заң	«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
Консультативтік кеңес	Қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және олардың өкілдерінен қалыптастырылған, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығын қоса алғанда, Қордың алқалы консультативтік-кеңесші органы
Таратылатын банк	Барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған және (немесе) мәжбүрлеп тарату процесінде тұрған банк
ҚРҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ДҚБЖ	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі
Қор, ҚДКБҚ	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ
IADI	International Association of Deposit Insurers (Депозиттерді сақтандырушылардың халықаралық қауымдастығы)

ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті салымшылар!

2021 жыл қаржы нарықтарының біртіндеп қалпына келуімен және іскерлік белсенділіктің артуымен бірге пандемиялық шектеулерден шыққан жыл болды. Есепті жылдың негізгі жаһандық үрдістері экономиканың барлық дерлік салаларын трансформациялауды жалғастыру және бизнес-процестерді сапалы жеделдету болды.

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіндегі басты оқиғалардың бірі есептік жылдың соңында теңгедегі жинақ депозиттері бойынша кепілдік сомасын, сондай-ақ бір қатысушы банкте жинақ салымынан басқа депозиттердің басқа да түрлері бар салымшылар үшін өтемнің жиынтық сомасын **20 млн теңгеге дейін** арттыру туралы заңнамалық түзетулерді қабылдау болды. Бұл шешім қазақстандықтардың жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және халықтың ұзақ мерзімді тұрақты жинақтауға қызығушылығын арттыру мақсатында қабылданды. Теңгедегі жинақ салымдарын кепілдікпен қамтуды ұлғайту халықтың тұрақты депозиттерге деген сұранысын одан әрі ынталандыруға мүмкіндік береді және қатысушы банктерге қорландырудың тұрақты базасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды оқиғалардың бірі қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделін енгізу болды. 2021 жылдың қыркүйегінен бастап қатысушы банктер Қор резервіне жарналарды жаңа құрылған модельге сәйкес төлейді. Банк жарналары депозиттерге міндетті кепілдік беру кез келген жүйесінің «іргетасы» бола отырып, бір жағынан, банк лицензиясынан айырылған жағдайда салымшыларға кепілдік



ҚОР ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

төлеуге арналған Қор резервінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етуге арналған, ал екінші жағынан – банктерді өз тәуекелдерін бағалауды күшейтуге ынталандыратын жарна төлеудің тиімді және әділ жүйесін қалыптастыруға тиіс. Осы екі мәселені шешу үшін теңгерімді табу, әрбір қатысушы банктің тұрақтылығы бойынша жағдайды алды ала көруге мүмкіндік бере отырып, банкті бағалау моделі сондай-ақ депозитті сақтандырушыға болжамды күшке ие болу қажеттігін есекере отырып, кез-келген депозитті сақтандырушы үшін стратегиялық сынақ болып табылады. Жаңа модельді енгізу алдында ымыраға келу және оңтайлы шешімдерді іздеу, әртүрлі пікірталастар мен сараптамалық алаңдарда жемісті талқылау, соның ішінде ортақ бәтуаға қол жеткізу және банк қауымдастығының жаңа көзқарасты қабылдауы үшін бірнеше жыл бойы қажырлы еңбек атқарылды. Бұл ретте әрбір жеке банктің жарналарының мөлшері оның қаржылық жағдайына және осы банк қабылдайтын тәуекелдер деңгейіне байланысты болатындай саралау қағидаты сақталды. Яғни, банк тәуекелдерді неғұрлым көп қабылдаса, оның Қор резервіне жарнасы соғұрлым көп болады. Жаңа модель банктік қызметке тән тәуекелдердің жинақталу салаларын анықтай отырып, басым бөлігін қамтиды, бұл банктер үшін тиімді ынталандыру жүйесін құруға мүмкіндік береді, олардың қорландыру нарығындағы жауапты мінез-құлқына және нарықтық тәртіпті нығайтуға ықпал етеді. Сайып келгенде, жаңа модельді енгізудің жиынтық әсері депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін нығайту болып табылады, бұл тұтастай алғанда елдің қаржылық тұрақтылығын сақтауға ықпал етеді.

Есептік жылы Қор, төлем мерзімдерін белгілеу мен талап етілмеген сомаларды салымшылардың зейнетақы шоттарына аудару арқылы салымшылардың қаражатын қайтару процесін оңтайландыратын, сондай-ақ халықтың өз жинақтарына

қолжетімділігін неғұрлым қысқа мерзімде қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін **кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібіне** көшті.

Осылайша, есептік жылы Қазақстанның банк секторында екі сақтандыру жағдайы орын алды: «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ (12 ақпан) және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ (25 маусым) лицензиялары қайтарып алынды, олардың салымшылары кепілдік берілген өтемді төлеуге қол жетімділікті барынша жылдам алды – банктердің лицензияларын айыру күнінен бастап 8 және 6 жұмыс күнінің ішінде. Бұл ретте Қор мәжбүрлеп тарату процесінде болған 7 банктің салымшыларына төлемдерін жалғастырды.

2021 жылды қорытындылай келе, Қор өзіне алған міндеттемелерді толығымен орындайтынын және салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін барынша қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, оның ішінде осы саладағы үздік халықаралық үрдістер мен ұсынымдарды қолдана отырып, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесін үдемелі дамытуды жалғастыратынын атап өткім келеді.

ҚДКБҚ-ның сапалы жұмысы депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің тұрақтылығына және тұтастай алғанда елдің қаржы жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне ықпал ететініне сенімдімін.

Құрметпен, Әділ Өтембаев
«Қазақстанның депозиттерге
кепілдік беру қоры» АҚ төрағасы

01

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ҚОР ТУРАЛЫ

01

ҚОР ТУРАЛЫ

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры 1998 жылғы экономикалық дағдарыстан кейін елдің қаржы жүйесінің тұрақтылығын сақтау мақсатында ҚРҰБ Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 393 қаулысына сәйкес құрылды.

Қор акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың құрылтайшысы және жалғыз акционері ҚРҰБ болып табылады.



Қордың миссиясы

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері (бейрезидент-банктерінің филиалдары) депозит-орларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде тиімді қатысушы болу.

Дүниетанымдық тұжырымдама

Қор:

- депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелері үшін IADI негізгі қағидаттарына сәйкес келуге;
- үздік әлемдік тәжірибенің жетістіктерін пайдалана отырып, өз миссиясын жүзеге асыруға ұмтылады.

Стратегиялық міндеттері

- қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысу;
- қатысушы банк барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған жағдайда депозиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Қордың функциялары

- Заң талаптарына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлеу;
- қатысушы банктердің тізілімін жүргізу;
- Заңның 16-бабында көзделген жағдайда банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізуге қатысу;
- активтерді инвестициялау;
- арнайы резервті қалыптастыру;
- Қордың басқару органы айқындаған тәртіппен кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу және агент банктердің алдын ала тізбесін бекіту;
- қатысушы банкті консервациялау кезеңінде тағайындалатын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- қатысушы банкті барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиядан айыру кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу;
- тарату комиссиясы өзі төлеген (төлейтін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қор алдындағы берешекті өтеген сәтке дейін мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын) тарату комиссиясының және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу.

ДКБЖ негізгі қағидаттары

- Депозиттерді қабылдауды, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашуды және жүргізуді жүзеге асыратын банктердің (Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарының) ДКБЖ-ға міндетті қатысуы.
- ДКБЖ ашықтығын қамтамасыз ету.
- ДКБЖ жұмыс істеуіне байланысты тәуекелдерді азайту.
- Арнайы резервті қалыптастырудың жинақтаушы сипаты.



02

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОҒАМЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2021 жылы
ДКБЖ дамыту

02

2021 ЖЫЛЫ ДКБЖ ДАМУЫ

Кепілдік сомасын ұлғайту

Қор жеке тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемді, оның ішінде барлық қатысушы банктерде орналастырылған ағымдағы шоттар мен карточкалардағы ақшаны және қатысушы банктің барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айыру күніне есептелген осындай депозиттер бойынша сыйақыны төлеуге кепілдік береді.

Кепілдендірілген максималды сома валютасы мен депозит түріне байланысты және 2021 жылы келесі сомаларды құрады:

15 млн теңге – ұлттық валютадағы жинақ депозиттері бойынша;

10 млн теңге – жинақ депозиттерден басқа ұлттық валютадағы барлық депозиттер бойынша;

5 млн теңге – шетел валютасындағы барлық депозиттер бойынша (қатысушы банкті лицензиясынан айыру күніне белгіленген валюта айыр-бастау бағамы бойынша баламада).

Салымшының қатысушы банкте кепілдендірілген депозиттердің бірнеше түрлері болған кезде депозиттің әрбір түрі бойынша шектерді ескере отырып, жиынтық кепілдік берілген өтем **15 млн теңгені** құрайды.

2021 жылғы желтоқсанда қабылданған заңнамалық бастамалардың арқасында **2022 жылдың 11 қаңтарынан** бастап жинақ депозиттері бойынша кепілдік берілген өтемнің максималды сомасы және бір банкте жинақ салымымен қатар депозиттердің басқа да түрлері және (немесе) шетел валютасындағы депозиті бар салымшылар үшін өтемнің жиынтық сомасы **20 млн теңгені** құрайды.

Осылайша, жыл соңындағы жағдай бойынша Қордың кепілдігімен салымшылар есепшоттарының 99,8%-ы толық көлемде қамтылады.

Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделі


2021 жылы Қор қатысушы банктердің жарналарының сараланған мөлшерлемелерін есептеу әдістемесін жақсарту және дамыту, сондай-ақ қатысушы банктердің қызметіне байланысты тәуекелдерді дәлірек болжау мақсатында қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалау моделін сапалы қайта қарау бойынша жұмысты аяқтады. Жаңа модельде банктер қызметінің ағымдағы тәуекелдерін бағалау ғана емес, сонымен қатар банктің қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін ықтимал қауіптерді талдау да негізге алынған. Сондай-ақ, жаңа модельде банктер қызметінің негізгі бағыттарына сапалы мониторинг жүргізуге мүмкіндік беретін тәуекелге бағдарланған тәсіл іске асырылды, бұл болашақта кепілдік берілген өтем төлемдері үшін арнайы резервті қалыптастыратын қатысушы банктер жарналарының мөлшерлемелерін неғұрлым әділ есептеуді қамтамасыз етеді.

Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделін ҚРҰБ, ҚНРДА, Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңес және Қордың консультативтік кеңесі мақұлдады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы мақұлдады.

2021 жылдың III тоқсанынан бастап қатысушы банктер үшін жарналарды есептеуді Қор жаңа әдістеме бойынша жүзеге асыруда. Бұл ретте қатысушы банктердің жіктеу тобының күрт өзгеруінің әсерін тегістеу мақсатында 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімге өтпелі кезең белгіленді.

1-кесте.

Қатысушы банктерді жіктеу топтары бойынша бөлу



Қордың есептік жылда банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа әдістемесіне көшуі нәтижесінде 7 қатысушы банк жарна мөлшерлемесі неғұрлым жоғары топтарға ауыстырылды. Осылайша, 2021 жылдың IV тоқсанының қорытындысы бойынша қатысушы банктер жіктеу топтарына былайша бөлінді: «А» тобының үлесі 10,0% (2 банк), «В» – 50,0% (10 банк), «С» – 30,0% (6 банк), «С-1» – 5,0% (1 банк) және «D» – 5,0% (1 банк) (1-кесте). Нәтижесінде 2021 жылдың соңында қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарының жинақталған сомасы 367,5 млрд теңгеге жетті, оның ішінде 30,9 млрд теңге – 2021 жыл ішінде түскен күнтізбелік жарналар. 2020 жылмен салыстырғанда күнтізбелік жарналар 0,1 млрд теңгеге ұлғайды. Есептік жылда күнтізбелік жарналардың аз мөлшерде ұлғаюы 2021 жылы ДКБЖ жүйесінен 4 банктің шығуына, сондай-ақ банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделі үшін өтпелі кезеңнің енгізілуіне байланысты.

Жаңа модель Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржылық жағдайын бағалайтының айту керек, алайда ол Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік банктердің филиалдарын ашу мүмкіндігін де ескереді¹. Осылайша, ДКБЖ-сіне енген бейрезидент-

банкiнiң филиалы алғашқы екі жыл ішінде міндетті күнтізбелік жарналар бойынша мөлшерлемелердің елеулі мөлшерін көздейтін D жіктеу тобына автоматты түрде жатқызылатын болады. Осы уақыт аралығы Қазақстан Республикасының аумағындағы осындай филиалдар қызметінің ерекшелігін, олардың есептілікті жинау және ұсыну процесін, сондай-ақ олардың қызметін қадағалау және реттеу рәсімін бағалауға және талдауға мүмкіндік береді. Мұның бәрі Қорға болашақта Қазақстан Республикасындағы бейрезидент-банктері филиалдарының қаржылық жағдайын бағалаудың жеке тәсілін әзірлеуге мүмкіндік береді.

¹ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 02 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына кепілдікті тарату бөлігінде Заңға тиісті түзетулер енгізілді. Алайда, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында шетелдік банктердің филиалдары жоқ.

Болашақ төлемдер үшін резервті есептеу әдістемесін қайта қарау

Резервті қалыптастыру кезінде Қор халықаралық қаржылық есептілік стандартына 9 (IFRS) сәйкес күтілетін шығындарды бағалау моделін пайдаланады. Қатысушы банктің қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін өлшемшарттарды анықтау және дефолт тәуекелінің деңгейін айқындау бағалау нысандары болып табылады. Нәтижесінде бағалаудың дәлдігін арттыру үшін Қор күтілетін шығындарды есептеу әдістемесінің тиімділігін бағалау бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

2021 жылы қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделін енгізуге байланысты 2011 жылдан 2021 жылға дейін банктер бойынша жіктеу топтарын қайта есептеу жүргізілді. Осы қайта есептеу негізінде және ауысулар матрицасын қолдана отырып, қатысушы банктердің дефолт ықтималдығы қайта бағаланды және күтілетін несиелік шығындар қайта есептелді. Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделіне көшу сонымен бірге олардың дефолт ықтималдығын бағалау тәсілдерін сапалы қайта қарауды талап етті. Нәтижесінде кепілдік берілген өтемді төлеуге байланысты қаржылық кепілдіктер үшін резервті есептеу әдістемесінің редакциясын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілді. Әдістеменің жаңа редакциясы қатысушы банктерді жіктеу топтарына жатқызудың жаңартылған өлшемшарттарын, сондай-ақ әрбір бағалау тобы үшін дефолт ықтималдығының жаңа мәндерін есептеу үшін ауысу матрицаларын өзгертуді көздейді. Сонымен қатар, стресстік сценарий үшін дефолт ықтималдығы базалық сценарий үшін дефолт ықтималдығынан кем болған жағдайларда сараптамалық түзетулерді қолдану мәселелеріне нақтылау енгізілді. Осы өзгерістермен резервтердің қажетті мөлшерін бағалаудың дәлдігі мен сенімділігі айтарлықтай артады.

Кепілдік берілген өтемді төлеудің жаңа тәртібі

2020 жылдан бастап Қор кепілдік берілген өтемді төлеуді бастау мерзімін қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген сәттен емес, оны барлық банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиясынан айырған күннен бастап санау жолымен қысқартуға бағытталған шараларды іске асырды. Мұндай тәжірибе барлық соңғы сақтандыру жағдайлары («Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ лицензиясынан айыру) бойынша салымшылардың өз жинақтарына жедел қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, өзінің тиімділігін дәлелдеді.

Есептік жылы салымшылардың өз қаражатын алудың жеделдігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылды және 2021 жылғы 1 мамырдан бастап Қор кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жаңа тәртібіне көшті.

Осылайша, төлемді ұйымдастыру процесін жеделдету үшін Қор кепілдік берілген өтемді төлеу

мақсатында агент банктердің тізбесін алдын ала бекітуге көшті. Нәтижесінде 2021 жылғы 1 мамырдан кейін болған сақтандыру жағдайы бойынша Қор агент банкті бекітілген тізбеден таңдауды жүзеге асырды, бұл дайындық рәсімдерінің мерзімдерін қосымша қысқартуға және төлемдердің 6 жұмыс күнінен кейін басталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді («Capital Bank Kazakhstan» АҚ лицензиясынан айыру күні – 25 маусым, төлемдердің басталуы – есептік жылдың 3 шілдесі). Енді Қор кепілдік берілген өтемді төлеу жөніндегі міндеттемелерінің туындауына қарамастан, агент банктердің алдын ала тізбесін барлық қатысушы банктердің міндетті қатысуымен әр жарты жыл сайын бекітетінін айта кету керек.

Бұдан басқа, қызмет көрсету арналарын кеңейту мақсатында салымшыларға Қорға қашықтықтан, яғни агент банктің бөлімшесіне бармай-ақ кепілдік берілген өтем алуға өтініш беру мүмкіндігі берілді. Сонымен қатар, дәстүрлі банктік қызметті ұнататын салымшылар немесе депозитордың атынан әрекет ететін өтініш берушілер (мысалы, мұрагерлер, сенімді адамдар) төлем алу үшін агент банктердің бөлімшеле-ріне бұрынғыдай жүгіне алады.

Сонымен қатар, Қор кепілдік берілген қаражатты салымшыларға қайтару бойынша міндеттемелердің толық орындалуын қамтамасыз ету үшін төлеу мерзімін 1 жыл деп белгілеп, талап етілмеген сомаларды кейіннен ерікті зейнетақы жарналары ретінде БЖЗҚ-дағы салымшылардың зейнетақы шоттарына аударатын болады. БЖЗҚ-ға қаражат аудару тараптардың салымшылар деректерін ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес салыстыру нәтижелері бойынша төлем мерзімі аяқталған күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде жүргізілетін болады.

Бұл ретте жаңа тәртіпке сәйкес, талап етілмеген сомаларды БЖЗҚ-ға беруге қарамастан, салымшылар үшін тізбесі Заңмен айқындалған дәлелді себептер болған кезде төлем мерзімі өткеннен кейін кепілдік берілген өтемді төлеуге өтініш беру мүмкіндігі сақталады. Мұндай

салымшылар Қорға банк бойынша тарату процесі аяқталғанға дейін немесе салымшы өз қаражатын БЖЗҚ-ға аударған жағдайда ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне өз құқығын пайдаланбайынша жүгіне алады.

Салымшылардың өз қаражаттарына уақтылы жүгінуі үшін төлемнің жаңа тәртібін және соның салдарынан салымшылардың ең көп санына қаражатты қайтару бойынша міндеттемелерді орындауды ескере отырып, Қор халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын да күшейтті.

Осылайша, Қор банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасасу кезінде салымшының міндетті түрде танысуына жататын кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы хабарламаның жеке нысанын әзірледі және бекітті. Нәтижесінде 2021 жылғы 1 мамырдан бастап қатысушы банк салымшыны хабардар етуді салымшы банк бөлімшесіне жеке өзі жүгінген кезде қажетті нысанға қол қою не шоттарды қашықтан ашқан кезде ақпаратты банктің интернет-ресурсында орналастыру жолымен жүзеге асырады. Сонымен қатар, Қор халықты кепілдік берілген өтем төлеуінің басталу күні мен тәртібі туралы міндетті түрде хабардар ету тәсілін қайта қарады. Енді, ақпараттандырудың жаңа тәртібіне сәйкес, барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған банктің салымшылары төлемдердің әр кезеңінде келесі қажетті ақпаратты алады:

- қатысушы банкті лицензиядан айыру күні – кепілдік берілген өтем төлеудің тәртібі мен ұйымдастырылуы туралы;

- қатысушы банк лицензиядан айырылған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде – төлемді жүзеге асыратын агент банктердің тізбесін көрсете отырып, кепілдік берілген өтемді төлеудің басталу күні мен кезеңі туралы не Заңда көзделген жағдайда төлемнің басталуын кейінге қалдыру туралы;
- төлемдер басталған күннен бастап бір жыл ішінде – төлемдерді жүзеге асыру барысы, кепілдік берілген өтемді алу мерзімдері мен тәртібі туралы;
- төлем басталған күннен бастап жарты жылдан кейін және төлем мерзімі аяқталғанға дейін 30 күн бұрын – төлем мерзімінің аяқталу күні, салымшылардың талап етілмеген сомаларын БЖЗҚ-ға аудару мен оның шарттары туралы;
- төлем мерзімі аяқталғаннан кейін – салымшылардың талап етілмеген сомаларын БЖЗҚ-ға аудару, дәлелді себеппен төлем мерзімі аяқталғаннан кейін кепілдік берілген өтем алуға өтініш беру мерзімдері мен тәртібі туралы.

Салымшыларды ақпараттандыру Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын

мерзімді баспа басылымдары, БАҚ, Қордың және агент банктердің интернет-ресурстары, олардың әлеуметтік желілерін қоса алғанда, әртүрлі арналар арқылы жүзеге асырылады.

Осылайша, Қор 2021 жылғы 1 мамырдан бастап барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған қатысушы банктің депозиторларына төлемнің жаңа, оңтайландырылған тәртібіне сәйкес кепілдік берілген өтем төлеуді қамтамасыз етеді. Жаңа тәртіп заңнамалық өзгерістер енгізілгенге дейін лицензиясынан айырылған және олар бойынша ҚДКБҚ төлемдерді жүзеге асырған (соңғы 15 жыл ішінде жекелеген сақтандыру жағдайлары бойынша²) банк салымшыларына да қолданылды. Мұндай салымшылар 2022 жылғы 1 мамырға дейін, оның ішінде төлемдердің жаңа арнасы арқылы – қашықтықтан тікелей Қорға өтініш беру арқылы өз ақшаларын алуға қосымша мүмкіндік алды.

² Мысалы, «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына төлемдер 2007 жылғы 26 наурыздан бастап жүзеге асырылды.

03

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДКБЖ-ге
қатысушылар

03

ДКБЖ-ГЕ ҚАТЫСУШЫЛАР

Қатысушы банктер

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ДКБЖ-ға «Al-Hilal» Ислам Банкі» АҚ және «Заман-Банк» Ислам банкі» АҚ ислам банктерін қоспағанда, Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін 22 екінші деңгейдегі банктердің 20-сы қатысады.

2021 жылы ДКБЖ-дан мына банктер шығарылды:
«AsiaCreditBank (АзияКредит Банк)» АҚ 2021 жылдың 12 ақпанынан бастап барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылуына байланысты;

Қазақстандағы «Пәкістан Ұлттық Банкі» АҚ ЕБ 2021 жылдың 4 мамырында ерікті түрде таратылуына байланысты;

«Capital Bank Kazakhstan» АҚ 2021 жылдың 25 маусымынан бастап барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылуына байланысты;

«АТФБАНК» АҚ («FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ ЕБ) «FIRST HEARTLAND JUSAN BANK» АҚ-ға ерікті түрде қосылу жолымен қайта ұйымдастырылуына байланысты.

«AsiaCreditBank (АзияКредит Банк)» АҚ және «Capital Bank Kazakhstan» АҚ лицензияларынан айырылған күннен бастап оларда уақытша әкімшіліктер жұмыс істей бастады, олардың негізгі міндеттерінің бірі банктер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, банкті басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, сондай-ақ банктердің салымшыларының тізілімдерін дайындау және Қорға беру болып табылады. Барлық банктік және өзге де операцияларды жүргізу лицензияларынан айыруға байланысты аталған банктердің қызметін мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап осы банктерді тарату комиссиялары қалыптастырылды.

04

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

2021 жылғы
депозиттік
нарық

04

2021 ЖЫЛҒЫ ДЕПОЗИТТІК НАРЫҚ

Депозиттік нарықтың даму серпіндері

2021 жылғы Қазақстан Республикасындағы экономикалық белсенділіктің оң серпіні халықтың жинақ белсенділігіне де оң әсерін тигізді. 2021 жыл ішінде депозиттік өнімдер халықтың жинақтарын сақтау мен көбейтудің ең тартымды құралы болып қала берді.

2021 жыл бойы халықтың жинақ белсенділігі оң болып қалды, ал жыл қорытындысы бойынша өсу қарқыны 2020 жылғы деңгейден асып түсті (өткен жылғы 17,4% деңгейге қарағанда +22,7%). 2021 жылдың III тоқсанында ғана өсу қарқынының біршама баяулауы байқалды, бұл бұрын кейінге қалдырылған сұраныс аясында тұтынушылық белсенділіктің күрт өскенін көрсетуі мүмкін. Қосымша тежеуші фактор АҚШ доллары бағамының өсуі аясында белгілі көрсетілген уақыт кезеңінде инфляциялық күтудің жоғарылауы болуы мүмкін болды.


2021 жылы бөлшек сауда депозиттерінің ЖІӨ-дегі үлесі 16,3% құрады (2020 жылы 15,6%). Теңгелік


депозиттер ЖІӨ-нің 10,7% (2020 жылы 9,5%) құрады. Сонымен бірге халықтың депозиттері елдің ақша массасының құрылымында (ҚРҰБ деректері бойынша) 44,1% (2020 жылы 43,3%) құрады. Жиынтық ақша массасы өсімінің жылдық көрсеткіштерінде (М3) (2022 жылдың басына 20,8%) халық депозиттерінің салымының үлесі 9,9% (2021 жылдың басына 7,6%) құрады.

Жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы даму серпіні

2021 жылдың соңына қарай қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттерінің жиынтық көлемі 13,4 трлн теңге болды. Бұл ретте абсолюттік көрсеткіштегі өсім 2,5 трлн теңгені немесе 22,7% (2020 жылы 1,6 трлн теңге немесе 17,4%) құрады. Валюталық қайта бағалауды есепке алмағанда (бағам 2020 жылдың соңы деңгейінде тіркелген) жеке тұлғалар депозиттерінің өсуі 21,7% (2020 жылы +13,1%) құрады (2-кесте).

2-кесте. Жеке тұлғалар депозиттерінің серпіні






2021 жылы халықтың теңгелік депозиттерінің өсімі 2,1 трлн теңгені немесе 30,9% (2020 жылы 1,3 трлн теңге немесе 23,6%) құрады. Халықтың теңгелік баламадағы валюталық депозиттерінің көлемі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 418,0 млрд теңгеге немесе 9,9%-ға (2020 жылы +341,5 млрд теңге немесе 8,8%) өсті. Нәтижесінде валюталық депозиттердің теңгелік баламадағы жиынтық көлемі 2022 жылдың басындағы жағдай бойынша 4,6 трлн теңгені құрады. Жалпы депозиттік базаның айтарлықтай өсуіне бұрынғыдай ұлттық валютадағы салымдардың өсуі есебінен қол жеткізіледі. Теңгелік салымдар халық үшін ең тартымды болып қала беруде (3-кесте).

2021 жылдың қорытындысы бойынша жеке тұлғалар шоттарының саны 20,8%-ға (2020 жылы +27,2%) өсті. Негізгі өсім (98,4%) 1 млн теңгеге дейінгі депозиттік және карт-шоттар санының ұлғайуы есебінен болды. Бір жыл ішінде валюталық шоттар саны 72,1%-ға өсті. Валюталық шоттар санының ұлғаюуына қарамастан, теңгелік шоттардың өсу қарқынының валюталық шоттарға қарағанда абсолюттік көрсеткіштері бұрынғыдай айтарлықтай алда келеді (валюттадағы 4,6 млн шотқа қарағанда теңгедегі +13,6 млн шот).

3-кесте.

Жеке тұлғалар депозиттерінің өзгеру құрылымының серпіні



Депозиттік нарықтың құрылымы

2021 жылдың қорытындысы бойынша депозиттердің құрылымы сегменттер бойынша келесідей қалыптасты: бұқаралық сегмент (15 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер) – 54,8% (2020 жылы 55,1%), орташа сегмент (қалдықтары 15 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейін қалдық ақшасы бар депозиттер) – 13,5% (2020 жылы 12,2%), ірі сегмент (50 млн теңгеден асатын қалдық ақшасы бар депозиттер) – 31,6% (2020 жылы 32,8%) *(4-кесте)*.

Бұл ретте, депозиттердің құрылымы сегменттер арасындағы жылдық өсу деңгейі абсолюттік мәндері бойынша мынадай: бұқаралық сегмент (+1,3 трлн теңге); ірі сегмент (+662,7 млрд теңге) және орташа сегмент (+484,9 млрд теңге). Аталған өсімге негізінен теңгелік депозиттер (жылдық өсімнің жалпы сомасында +83,2%) есебінен қол жеткізілді.


Шетел валютасындағы депозиттер сегментінде негізгі жылдық өсім орташа (+10,1%) және ірі (+9,3%) сегменттер есебінен болды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша шетел валютасындағы (теңгелік мәнде) депозиттердің ұлғаюына негізгі үлесті ірі сегмент +72,5% (+303,0 млрд теңге) қосты. Мұнда әлі де жоғары дәрежелі шоғырлану сақталуда. Бұдан әрі орташа сегмент +17,8% (+74,4 млрд теңге) және бұқаралық сегмент +9,7% (+40,6 млрд теңге).

Жалпы алғанда, депозиттер құрылымы сегменттер бойынша 2021 жыл бойы айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ.


2021 жылдың соңында мерзімділік өлшемшарттары бойынша депозиттердің құрылымы келесідей қалыптасты: мерзімсіз депозиттер – 59,3% (2020 жылы 63,4%), ағымдағы және карт-шоттар – 17,6% (2020 жылы 15,3%), мемлекет субсидиялайтын депозиттер – 11,4% (2020 жылы 9,7%), жинақ депозиттері – 8,0% (2020 жылы 6,7%), мерзімділік шарттары бар депозиттер – 3,4% (2020 жылы 4,6%),

4-кесте.

Жеке тұлғалар депозиттерінің сегменттер бойынша құрылымы



5-кесте.
Депозиттердің түрлері бойынша құрылымы, трлн теңге



+2,5 трлн теңге

2021 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНАН БЕРІ ДЕПОЗИТТЕРДІҢ ЖАЛПЫ ӨСІМІ

талап етілгенге дейінгі салымдар – 0,3% (2020 жылы 0,4%).

2021 жылдың басынан бастап депозиттердің жалпы өсіміне (22,7%; +2,5 трлн теңге) мерзімді депозиттерді қоспағанда, әрбір депозиттік өнімнің салымы есебінен қол жеткізілді, олар өз кезегінде жыл қорытындысы бойынша жыл басынан бастап 8,8%-ға қысқарды. Алайда, жалпы депозиттік массада мерзімді депозиттердің (мерзімділік шарттары бар депозиттердің) үлесіне тек 3,4% ғана тиесілі екенін ескерсек, бұл өзгерістер жалпы құрылымға айтарлықтай әсер еткен жоқ.

Бұл ретте жалпы жылдық өсімде басым үлес мерзімсіз депозиттер мен ағымдағы/карт-шоттарда сақталады (2021 жылдың қорытындысы бойынша


жалпы өсімдегі үлестері тиісінше 9,4% және 6,3% құрады).

Болып жатқан өзгерістер нәтижесінде³ 2021 жылдың соңында тұрақты қорландырудың барлық депозиттердегі үлесі 12,8% (2020 жылдың соңында 12,5%) құрады. Негізгі өсім теңгелік жинақ депозиттердің ұлғаюы есебінен болды. Бұл ретте тұрақты теңгелік қорландырудың үлесі 14,8% (2020 жылы 11,9%), – өсімінің негізгі үлесін 2021 жылдың II тоқсанында өсу шыңына жеткен жинақ салымдар құрады (5-кесте).

Ағымдағы/карт-шоттар сегменті 2021 жылы 41,3%-ға (2020 жылы +31,9%) айтарлықтай өскенін атап өткен жөн, оның өсу шыңы IV тоқсанда болды. Жеке тұлғалар теңгелік депозиттік базасындағы бұл арзан қорландырудың үлесі (қаражаттандырылатын депозиттерді есептемегенде) 26,3% (2020 жылы 23,9%) құрады.

³ Сыйақыны мемлекет қаражаттандыратын депозиттерді шегергендегі депозиттердің жиынтығына мерзімдік және жинақ депозиттері.

6-кесте.
Депозиттердің долларлануы



Депозиттердің долларлануы


2021 жыл бойы долларлану деңгейі біртіндеп төмендеді. Нәтижесінде 2021 жылдың соңында депозиттердің долларлануы 2020 жылдың қорытындысы бойынша 38,7%-ға қарағанда 34,6% құрады. Бұл ретте бағамға түзетілген долларлану⁴ жыл қорытындысы бойынша тиісінше 2,3 п.т. төмендеді және 2022 жылдың 1 қаңтарында 34,1% құрады (6-кесте).

⁴ 2021 жылдың барлық кезеңдерінде валюталық қайта бағалаудың әсерінсіз мәндерді есептеуде базалық бағам ретінде 2020 жылдың соңына қалыптасқан бағамның мәні қабылданады.

2021 жыл бойы долларланудың жоғары деңгейі бойынша көшбасшылық орын ірі сегментте берік сақталды. Валюта бағамының құбылмалылығы жағдайында бұл сегмент дәстүрлі түрде валюталық депозиттерді ұзақ мерзімді перспективада «қауіпсіздік жастығын» құру құралы ретінде

қарастырады. Долларланудың ең төменгі деңгейі бұқаралық сегментте қалады. Халықтың кең топтары үшін жоғары қызығушылық табыстылықтың жоғары деңгейімен сипатталатын теңгелік депозиттерде әлі де сақталуда (7-кесте).

7-кесте.
Сегменттердегі долларлану



Теңгедегі депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер

2021 жыл ішінде теңгемен депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелердің елеулі өзгерістері байқалған жоқ. Бұл ретте 2021 жылдың 27 шілдесінде базалық мөлшерлеменің 9,0%-дан 9,25%-ға дейін өсуіне байланысты 2021 жылдың қыркүйегінен бастап қысқа мерзімді жинақ және мерзімді депозиттері бойынша мөлшерлемелер 0,3 п.т. ұлғайтылды. 2021 жылдың 26 қазанында ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің 9,5%-дан 9,75%-ға дейін ұлғаюына байланысты 2021 жылдың қарашасынан бастап мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер 0,3 п.т., ал қысқа мерзімді жинақ және мерзімді депозиттері бойынша 0,5 п.т. ұлғайтылды.

Алайда, банктер есептік жылда базалық мөлшерлеменің өсуіне қарамастан, мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді көтеруге ұмтылған жоқ, өйткені бұл қорландыру құрылымындағы тұрақты емес қорлар, олар негізінен талап етілгенге дейінгі салымдар болып табылады және олар бойынша мөлшерлемелер ақша нарығындағы ақша құнына тең келмеуі керек. Бұл үшін мерзімді және жинақ депозиттері түріндегі жинақ құралдары бар, олар бойынша

мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеден жоғары болады. Осы себепті, 2021 жылдың екінші жартысынан бастап мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер базалық мөлшерлемеге теріс спредпен белгіленді.

Осылайша, 2021 жылдың соңында теңгемен депозиттер бойынша ұсынылатын мөлшерлемелер ең жоғары мәндерге жетті:

- мерзімсіз депозиттер бойынша 9,3%;
- мерзімді депозиттер бойынша 10,7%;
- жинақ депозиттер бойынша 13,9% (8-кесте).


Айта кету керек, есептік жылда депозиттер бойынша нарықтық мөлшерлемені бұрмалау факторларын болдырмау мақсатында нарықтық мөлшерлеме есебінен сыйақы мөлшерлемесі орташа өлшенген ЖТПМ-сі талап етілгенге дейінгі салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне тең немесе одан төмен салымдарды алып тасталынды.

Шетел валютасындағы депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер

2021 жылы валюталық депозиттер бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлемелер өзгерген жоқ және шетел валютасындағы депозиттердің барлық түрлері бойынша 1,0% деңгейінде қалды.

8-кесте.

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемелер



05

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Арнайы резервті
қалыптастыру

05

АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

1-кесте. Арнайы резервтің құрылымы, млрд теңге

Арнайы резервті қалыптастыру көздері	Сомасы
Қатысушы банктердің жарналары	367,4
Мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің кепілді өтем сомалары бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру тәртібімен алынған ақша	49,8 ⁵
Қосылу шарты бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қатысушы банктерге қолданылған тұрақсыздық төлемі	0,06
Қордың жарғылық капиталы мөлшерінің 70%-ы шегіндегі шығыстары	55,6
Арнайы резервтің активтері мен Қор жарғысында көзделген тәртіппен шығыстар мен аударымдар сомасына азайтылған, меншікті активтерді орналастырудан түсетін кірістер	313,6
Кепілдік берілген өтемді төлеу	-101,2
Барлығы:	685,3

Заңда қарастырылған міндеттемелерін орындау мақсатында Қор арнайы резервті жинақтаушы негізде қалыптастырады.

Арнайы резерв кепілдік берілген өтемді төлеу, банк мүлкінің мөлшері мен оның басқа банкке (банктерге) берілетін кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелерінің мөлшері арасындағы айырманың орнын толтыру, кепілді өтемді төлеу туралы келісімде айқындалған шарттарда және тәртіппен депозиторларға кепілді өтемді төлеу жөніндегі рәсімдерді орындауға байланысты шығыстарды агент банкке өтеу, сондай-ақ Заңның 21-1-бабының 5-тармағына сәйкес кепілді өтемнің талап етілмеген сомасының жетіспейтін бөлігінің орнын толтыру үшін пайдаланылуы мүмкін.

2021 жылғы 31 желтоқсанға Қордың арнайы резервінің нақты мөлшері 685,3 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 5,1%, ал Қордың 70% жарғылық капиталын есепке алғанда 850,4 млрд теңгені немесе қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттердің жиынтық сомасының 6,3% құрайды.

Қордың арнайы резервінің көлемі заңнамада белгіленген шекті мәннен 5% жоғары. Егер

депозиттерді сақтандырудың шетелдік қорларындағы қаражат көлемімен салыстыратын болсақ, онда ҚДКБҚ резервінің деңгейі айтарлықтай жоғары және әлемдік тәжірибеге сәйкес келеді. Халықаралық стандарттарға сәйкес салымшыларды қорғау жүйесінің резервтері ең ірі банктердің немесе бүкіл қаржы жүйесінің депозиттік базасын түгел қамтымайды, тек күтілетін шығындар деңгейіне сәйкес келуі керек.

Барлық банктік операцияларды жүргізу лицензиясынан айырылған банк салымшыларына кепілді өтем төлемін жүзеге асыру үшін Қордың арнайы резервінің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында резервтік қаржыландыру шаралары қарастырылған, оның ішінде қатысушы банктердің қосымша жарналары, жетіспейтін сомаға ҚРҰБ-нан қарыз алу.

⁵ Оның ішінде 2019 жылы таратылған «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясынан қанағаттандыру тәртібімен алынған түсімдер.

06

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Инвестициялау

06 ИНВЕСТИЦИЯЛАУ

Активтерді инвестициялау

Қор активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын қамтамасыз ету.

Сенімгерлік басқару туралы шартқа және Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 33 шешімімен бекітілген Инвестициялық саясатқа сәйкес Қор активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ жүзеге асырады. Жоспарланған кірістілікке қол жеткізу, шығындар тәуекелін азайту және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында активтерді инвестициялық басқару шарттарын Инвестициялық саясат анықтайды. Активтер, ҚРҰБ Басқармасының 2021 жылғы 14 шілдедегі № 68 қаулысымен бекітілген, Депозиттерге міндетті кепілдікберуді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау тәртібімен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарына орналастырылады.

Өз кезегінде, Қор қаржы құралдарының тізімін тұрақты талдау негізінде Инвестициялық саясатты кезең-кезеңімен өзектендіруді жүргізеді. Мәселен, 2021 жылы депозиторларға шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілді өтем төлеуді жүзеге асыруға байланысты валюталық тәуекелді жабу үшін Қор активтерін шетел валютасындағы қаржы құралдарына орналастыру, мұндай қажеттілік туындаған жағдайда Инвестициялық саясатына енгізу мүмкіндігі қаралды.

2021 жылғы қарашада инвестициялауға рұқсат етілген ұлттық валютадағы қаржы құралдарының тізіміне Қазақстан Республикасының жергілікті

атқарушы органдарының облигациялары енгізілді. Бұл ретте активтерді бір шығарылымның (эмиссияның) мемлекеттік құнды қағаздарына инвестициялаудың ең жоғары лимиттері оларды шұғыл өткізген жағдайда тәуекелдерді болдырмау мақсатында 50% мөлшерінде белгіленген.

Осылайша, Қордың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы активтері «ВВ-/Вa3» төмен емес рейтингтері бар жоғары өтімді құнды қағаздарға, оның ішінде ҚР ҚМ облигацияларына, ҚРҰБ ноталары мен депозиттеріне, ЕҚДБ, ЕАДБ, АДБ, МҚҰ облигацияларына, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигацияларына орналастырылды.

Портфельдің құрылымы

Қордың 2021 жылғы 31 желтоқсандағы инвестициялық портфельдерінің жиынтық мөлшері 1 059,3 млрд теңгені құрады, оның ішінде 257,1 млрд теңгесі – меншікті активтері бойынша және 802,2 млрд теңгесі – арнайы резерв бойынша.

Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша Қор активтерінің құны 1 059,3 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 12,7%-ға (+119,66 млрд теңге) өсуді көрсетті.

Активтерді орналастыру нәтижесінде 2021 жылы инвестициялық табыс 85,8 млрд теңгені құрады, оның ішінде арнайы резерв активтері есебінен – 65,6 млрд теңге, меншікті активтері есебінен – 20,2 млрд теңге, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 17,6%-ға (+13,0 млрд теңге) жоғары.

2-кесте. Қордың арнайы резервінің портфелі, млрд теңге

Атауы	2021 жылғы 31 желтоқсан	Портфельдегі үлесі
ҚРҰБ ноталары	1,1	0%
ЕҚДБ, ЕАДБ, АДБ, МҚҰ облигациялары	77,4	10%
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ облигациялары	90,8	11%
ҚРҰБ депозиттері	113,9	14%
ҚР ҚМ облигациялары	519,0	65%
БАРЛЫҒЫ	802,2	100%

07

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Кепілдік
берілген өтемді
төлеу



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор 9 таратылатын банктің 147,2 мың депозиторларына жалпы сомасы 113,1 млрд теңгеге кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асырып, төлемдер бойынша өз міндеттемелерін 98%-ға орындауды қамтамасыз етті. Бұл ретте 2021 жылы лицензиясынан айырылған қатысушы банктердің депозиторларына кепілдік берілген қаражатты қайтару жүзеге асырылды:
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ – 18,2 млрд теңге сомасына, бұл Қор міндеттемелерінің жалпы сомасының 96% құрайды;
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ – 1,5 млрд теңге

сомасына немесе Қор міндеттемелерінің жалпы сомасының 91%.

Сонымен қатар, 2021 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген жаңа төлем тәртібіне сәйкес Қор кепілдік берілген өтемді төлеуді мына мерзімдерге дейін жалғастырды:

2022 жылғы 1 мамыр (қоса алғанда) – «Валют-Транзит Банк» АҚ, «Қазинвестбанк» АҚ, «Delta Bank» АҚ, «Эксимбанк Қазақстан» АҚ, «Qazaq Banki» АҚ, «Астана Банкі» АҚ, «Tengri Bank» АҚ, «AsiaCredit Bank» (АзияКредит Банк)» АҚ депозиторларына;

2022 жылғы 3 шілде (қоса алғанда) – «Capital Bank Kazakhstan» АҚ депозиторларына.

3 кесте. 31.12.2021 ж. (қоса алғанда) кепілдік берілген өтем төлемдерінің статистикасы

Қатысушы банк	Депозиторлардың жалпы саны	Кепілдік берілген өтем сомасы, млн теңге	2021 жыл ішінде жүгінген депозиторлардың үлесі	Оның ішінде, 2021 жыл ішінде төленді, млн теңге	Төленді (барлығы)	Төлем үлесі (барлығы)
«Валют-Транзит Банк» АҚ	267 285	18 340,9	4	2,5	17 912,1	98%
«Қазинвестбанк» АҚ	293	2,1	1	-	2,0	97%
«Delta Bank» АҚ	2 668	201,2	2	5,0	107,3	53%
«Qazaq Banki» АҚ	18 001	20 516,8	32	27,9	20 365,1	99%
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	299	258,3	-	-	256,9	99%
«Астана Банкі» АҚ	268 457	37 587,1	2 831	39,9	37 203,9	99%
«Tengri Bank» АҚ	36 583	17 755,2	1 396	878,8	17 499,5	99%
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	23 153	19 088,6	5 337	18 234,0	18 234,0	96%
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	47 353	1 685,20	936	1 535,1	1 535,1	91%
Барлығы	664 092	115 435,4	10 539	20 723,2	113 115,9	98%

08

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Банктердің тарату
комиссияларынан
түсетін түсімдер



БАНКТЕРДІҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫНАН ТҮСЕТІН ТҮСІМДЕР

Таратылатын банктердің салымшыларына кепілдік берілген өтем төлеуге бағытталған ақшаны қайтаруды жеделдету мақсатында Қордың қызметкерлері таратылатын банктердің кредиторлар комитеттерінің құрамына кіріп қана қоймай, төленген (төленетін) кепілдік берілген өтем сомасы бойынша Қор алдындағы берешек толық өтелген сәтке дейін тарату комиссияларының құрамында банктерді таратуға қатысады.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тарату комиссиялары Қордың талаптарын 42,2%-ға немесе шамамен 49,1 млрд теңгеге қанағаттандырды. Олардың ішінде 2021 жылы таратылатын банктердің міндеттемелерін қайтарудан Қордың арнайы резервіне түсімдер 24,2 млрд теңгені немесе талаптардың 20,8%-ын құрады.

4 кесте. 01.01.2022 ж. жағдай бойынша таратылатын банктердің тарату комиссияларының Қор талаптарын қанағаттандыруы туралы ақпарат

(млн теңгемен)

Таратылатын банктің атауы	Кезектілік	Таратылатын банкке Қордың барлық талаптары	01.01.2022 жай-күйі бойынша 2-ші, 3-ші және 8-ші кезектер бойынша Қор талаптарын қанағаттандыру		Олардың ішінде ағымдағы жылы өтелді
			теңге	%	
«Валют-Транзит Банк» АҚ	3-ші кезек бойынша	18 340,9	10 518,0	57,35%	90,0
	8-ші кезек бойынша	28,1			
«Qazaq Banki» АҚ	2-ші кезек бойынша	20 516,8	3 700,0	18,03%	1 370,0
	8-ші кезек бойынша	145,7			
«Астана Банкі» АҚ	2-ші кезек бойынша	37 587,1	17 068,0	45,41%	5 480,0
	8-ші кезек бойынша	323,4			
«Delta Bank» АҚ	3-ші кезек бойынша	201,2	201,2	100,00%	
	8-ші кезек бойынша	1,7			
«Эксимбанк Қазақстан» АҚ	2-ші кезек бойынша	258,3	258,3	100,00%	
	8-ші кезек бойынша	2,2			
«Қазинвестбанк» АҚ	3-ші кезек бойынша	2,0	2,0	100,00%	0,1
	8-ші кезек бойынша	8,5	0,5	5,88%	
«Tengri Bank» АҚ	2-ші кезек бойынша	17 755,1	17 305,2	97,47%	17 305,1
	8-ші кезек бойынша	64,0			
«AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ	2-ші кезек бойынша	19 088,6			
	8-ші кезек бойынша	284,4			
«Capital Bank Kazakhstan» АҚ	2-ші кезек бойынша	1 685,2			
	8-ші кезек бойынша	6,9			
Барлығы		116 300, 1	49 053,2	42,18%	24 245,2



09

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Ақпарат
беру-түсіндіру
қызметі



АҚПАРАТ БЕРУ-ТҮСІНДІРУ ҚЫЗМЕТІ

БАҚ және әлеуметтік желілер

2021 жылы Қор салымшылардың депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған жұмысын белсенді түрде жалғастырды. Ол үшін пайдаланушылардың мақсатты аудиториясына барынша қол жеткізу үшін әртүрлі байланыс арналары пайдаланылды. Қордың қызметі туралы жаңалықтар баспасөз және электрондық БАҚ-та жарияланды, Қордың сайтында және әлеуметтік желілердегі аккаунттарында орналастырылды. Сондай-ақ Қор басшыларының сараптамалық пікіріне телеарналар тарапынан қызығушылық артты. Олар бейне түсініктеме алу үшін Қордың баспасөз қызметіне талай рет сұрау жолдады.

Есептік жыл ішінде барлығы 36 ақпараттық хабарлама жарияланды, оларды кейіннен БАҚ таратты. Орташа алғанда, Қордың әрбір жаңалығын өздеріне шамамен 4 интернет-портал орналастырады. 2020 жылмен салыстырғанда Қор сақтандыру жағдайларының басталуына және кепілдік берілген өтемді төлеуді жүзеге асыруға қатысты ақпараттық хабарламалар санын ұлғайтты. Олар міндетті түрде республикалық деңгейдегі БАҚ – «Казахстанская Правда» және «Егемен Қазақстан» газеттерінде, өз сайтында (www.kdif.kz), сондай-ақ қосымша баспасөз релиздерін тарату және әлеуметтік желілердегі жазбалар арқылы да жарияланды.

Бұдан басқа, 2021 жылдың желтоқсанында Қор әлеуметтік желілерді жүргізудің жаңа тұжырымдамасын әзірледі: бірыңғай дизайн, арнайы айдарлар әзірленді. Тұжырымдама шеңберінде жарияланымдар жиілігін 30% және одан да көп ұлғайту, Қор қызметін кеңінен жариялау, сауалнамалар жүргізу, жинау және халыққа кері байланыс беру арқылы әлеуметтік желілерді дамыту жоспарлануда.

Қор халыққа жедел және сапалы кері байланыс беруге көп көңіл бөледі. Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне байланысты сұрақтар туындаған жағдайда пайдаланушыларға Қордың байланыс орталығынан

білікті жауаптар алуға мүмкіндік беріледі, оған 1460 қысқа нөмірін теру арқылы жүгінуге болады. Сұрақ-жауап базалары Қор процестеріндегі инновациялар мен өзгерістерді ескере отырып, үнемі жаңартылып отырады. info@kdif.kz электрондық поштасына хат жіберу арқылы немесе [@kdif_ask](https://t.me/kdif_ask) телеграм-чатында сұрақ қою арқылы қажетті ақпаратты алуға болады.

Қаржылық сауаттылық

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы халықтың хабардар болу деңгейін түсіну және халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру саласындағы Қор жұмысының тиімділігін арттыру үшін 2021 жылы қазақстандық қатысушы банктердің клиенттері арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнамалар 14 қатысушы банктің сайттарында жарияланды: «Еуразиялық банк» АҚ, Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ, «Альфа-Банк» АҚ ЕБ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Altyn Bank» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Отбасы Банк» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «Нұрбанк» АҚ, «Сбербанк» АҚ ЕБ, «ForteBank» АҚ, «Банк Хоум Кредит» АҚ ЕБ, «Bank RBK» АҚ және «Алматы қаласындағы Қытайдың Сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ. Сауалнамаға еліміздің 128 қаласы мен елді мекенінен 2 773 респондент қатысты. Қатысушылардың жасы 16 мен 79 жас аралығында болды.

Жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі жинақтарды депозиттерде (92%) сақтауды жөн көретіндігінің оң фактісін атап өту қажет. Бұл жеке қаржы саласында оң үрдістің қалыптасқандығын көрсетеді. Өйткені тұрғындар ақша жинаудың маңыздылығына көз жеткізіп отыр. Сауалнамаға қатысқандардың тек 2%-ы ғана ақша жинамайды немесе ақшаларын өздерінің карточкалық шотына қалдырады, ал 6%-ы артық ақшасына шетел валютасын сатып алады.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің ДКБЖ туралы хабардарлығының жоғары деңгейін көрсетті:

70%-ы депозиттерге кепілдік берудің максималды сомасы туралы, оның ішінде жинақ салымдары бойынша жоғары кепілдік туралы біледі;
76%-ы кепілдік берілген өтемді Қор төлейтіні туралы хабардар;
68%-ы кепілдік берілген өтем ұлттық валютада төленетінін біледі.

Банкті таңдау барысында депозиттер бойынша жоғары мөлшерлемелерге көңіл бөлетін салымшылар саны 51%-дан (2019 жылы) 36%-ға (2021 жылы) дейін төмендеді. Бұл салымшылар арасында кірістілік пен тәуекел арасындағы тікелей тәуелділік туралы білім деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді (кірістілік неғұрлым жоғары болса, тәуекел соғұрлым жоғары болады).


Бұл ретте жауап берушілердің 63%-ы банктің сенімділігіне байланысты ықтимал тәуекелдерді депозиттерге кепілдік беру жүйесі өз мойнына алатынын біледі.

«Қазақстандықтар банкті таңдағанда нені басшылыққа алады?» деген сұраққа ең танымал жауаптар мыналар: ыңғайлы мобильді банкинг, банктің беделі және рейтингтік агенттіктердің бағасы.

Кірістілік мөлшерлемесіне байланысты емес жоғарыда келтірілген жауаптардың (43%) елеулі жиынтық әсері жеке тұлғалар үшін депозиттік өнімдердің қазақстандық нарығының жұмыс істеуіндегі бағадан тыс факторлардың елеулі рөлін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері Қордың әлеуметтік желілерінде, Қордың ресми сайтында және БАҚ-та жарияланды. Оларға сүйене отырып, одан әрі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының бағыттары түзетілді.

Бұдан басқа, халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру үшін Қор екінші деңгейдегі банктерде, Халыққа қызмет көрсету орталықтарында және «Қазпошта» АҚ бөлімшелерінде келушілерге депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы ақпараты бар полиграфиялық өнімдерді (парақшалар, буклеттер мен триплеттер) жыл сайын тегін таратады.





10

KDFIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Халықаралық
қызмет

10

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Есептік жылы Қор шетелдік депозиттерді сақтандырушылармен халықаралық ынтымақтастық саласында, сондай-ақ IADI қызметі шеңберінде жұмысын жалғастырды.

2021 жылы Қор өкілі IADI (Capacity Building Technical Committee) әлеуетін арттыру жөніндегі техникалық комитеттің құрамына кірді. Комитеттің міндеттеріне техникалық көмек көрсету, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру, оқыту бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ депозиттерді сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін елдердің IADI-ің Негізге алынатын қағидаттарын қалай сақтап жатқандарына баға беруге қатысу шаралары кіреді.

Қор барлығы 22 халықаралық іс-шараларға, сондай-ақ IADI қағидаттарына өзгерістер енгізу қажеттілігі, Қор қызметінің IADI жекелеген қағидаттарына сәйкестігін талдау, сенім шоттарын реттеу және т.б. мәселелер бойынша IADI жүргізетін 12 сауалнама мен зерттеулерге қатысты.

Интеграциялық ынтымақтастық бөлігінде Қор сараптамалық топтың 14 отырысына қатысты. Сараптамалық топ қараған негізгі мәселелер сақтандыру объектілері мен субъектілері, сақтандыру өтемінің мөлшері, салымдарды сақтандыру жүйесіне қатысушы банктердің жарналарының түрлері және оларды төлеу тәртібі, сақтандыру жағдайын анықтау, өтем төлеуді автоматтандыру, проблемалық банктерді реттеу барысында депозиттерді сақтандырушының функциялары мен өкілеттіктері сияқты параметрлерге қатысты болды. 2021 жылы Сараптамалық топ шеңберінде сақтандыру өтемінің мөлшері, банктердің салымдарды сақтандыру

жүйесіне мүшелігі, сақтандыру объектілері мен субъектілері бойынша 10 сараптамалық қорытынды әзірленді. Олар бұдан әрі ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің заңнамасын үйлестіру мәселелері жөніндегі жұмыс тобының банк секторы жөніндегі кіші тобына келісуге жіберілетін болады.

Қордың IADI және Сараптамалық топқа қатысуы басқа мемлекеттердің салымдарды сақтандыру жөніндегі ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды дамытуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық ДКБЖ-ның үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестігіне талдау жүргізуге ықпал етеді. Қор депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйесіне арналған IADI Негізгі қағидаттарына барынша сәйкес болу мақсатында депозиттерге кепілдік берудің отандық жүйесін жетілдіруге қатысты белсенді жұмыстарын одан әрі жалғастыруды жоспарлап отыр.



11

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

ДКБЖ даму
перспективалары

ДКБЖ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Банкті ұзақ мерзімге қорландыруды ынталандыру

2021 жылы Қор банкті тұрақты қорландыруды дамыту бағытында жұмысын жалғастырды. 2018 жылы депозиттер қатарына енгізілген депозиттің жаңа түрі – мерзімінен бұрын алу бойынша бірқатар шектеулері бар жинақ салымы өзінің дұрыстығын көрсетті. Тек 2021 жылы мұндай депозиттердің көлемі 60,1%-ға ұлғайып, жыл соңында 1 трлн теңгеге жетті. Жинақ салымдары көлемінің тұрақты өсуін ескере отырып, сондай-ақ халық жинақтарының көбірек сақталуын қамтамасыз ету мақсатында банкті тұрақты қорландыруды одан әрі қалыптастыру жөніндегі шаралардың бірі ҚРҰБ-ң Қормен бірлесіп осындай депозиттер бойынша кепілдік сомасын 20 млн теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылдауы болды.

Тұрақты қорландыруды қалыптастырудың тағы бір шарасы 2021 жылдың шілде айының соңынан бастап мерзімсіз депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлеме ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне теріс спредпен белгіленді. Мерзімсіз депозиттер бойынша теріс спредті белгілеу саясаты банктерді қорландыру базасының тұрақтылығын арттыру және мөлшерлемелердің дұрыс кірістілік қисығын

құру мақсатында депозиттік өнімдердің тиімді қатарын құруға ынталандыруға бағытталған. Мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелерді белгілеу кезінде базалық мөлшерлемеге теріс спредті одан әрі бекіту депозиттік нарықты түрлендіру және оны транзакциялық депозиттерге (мерзімсіз, ағымдағы және карт-шоттар, талап етілгенге дейінгі салымдар) және тұрақты депозиттерге (мерзімді және жинақ салымдары) бөлу жөніндегі жұмысты бастауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандардан басқа, 2021 жылы жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ұсынылатын ең жоғары мөлшерлемелерді белгілеу нәтижелері жақын арада қарауды талап ететін бірқатар реттеуші мәселелерді белгіледі. Мәселен, мерзімді депозиттік нарықтың жекелеген сегменттері бойынша белсенді нарықтың болмауы немесе кезең ішінде депозиттерді тарту құрылымында жекелеген банктердің жоғары шоғырлануы байқалды. Осыған байланысты жеке тұлғалардың тұрақты ұзақ мерзімді депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді белгілеу тәсілдерін қайта қарау қажеттілігі атап өтілді.

Бұдан басқа, 2020 жылдың соңында әзірленген, мақсаты нарықтық мөлшерлемені тұрақтандыру және жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді депозиттері бойынша мөлшерлемелердің өсуін шектеу болып табылатын жүйелік тәуекел үшін жарна алу жөніндегі механизм 2021 жылы ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің тұрақтылығы кезеңінде өзінің тиімділігін көрсетті. 2021 жылы нарықтық мөлшерлемеге байланысты депозиттер бойынша мөлшерлемелердің одан әрі өсуі тоқтатылды. Алайда, бұл механизм базалық мөлшерлеменің күрт өсуі мүмкін болған кезде ақша нарығының сигналын беруді шектейді және ақша-кредит саясатының трансмиссиялық механизмінің әсері депозиттік нарық мөлшерлемелеріне берілуін тежейді. Осыған байланысты Қор бұдан әрі жүйелік тәуекел үшін жарнаның қолданыстағы механизмінің барлық тәуекелдері мен кемшіліктерін бағалауға және осы бағыттағы жұмысты жалғастыратын болады.

Қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалау моделін жетілдіру

Жоғарыда айтылғандай, барлық талдамалық жұмыстар аяқталғаннан кейін және алдыңғы жылдардағы материалдарды шоғырландырғаннан кейін, оның ішінде үздік әлемдік тәжірибелерді қолдана отырып қатысушы банктерді бағалаудың жаңа функционалдық моделі құрастырылып, есептік жылда қолданысқа енгізілді және 2022 жылдың қыркүйегіне дейін өтпелі кезең белгіленді. Осылайша, модель енгізілген сәттен бастап нарықты жаңашылдыққа бейімдеу бойынша функционалдық тәжірибені, сондай-ақ тиісті талдамаларды жинақтау үшін белгілі бір уақыт қажет болады. Нәтижесінде Қор жаңа модельдің іс жүзінде қолданылуын талдау және бағалау қорытындылары бойынша қатысушы банктерді бағалау әдістемесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралардың жалғастыратын болады.

Сондай-ақ, Қордың қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалау моделін әзірлеу кезіндегі мақсаттарының бірі ашық қолжетімді ақпарат пен есептілікті пайдалана отырып, кез келген мүдделі тұлғалар Қордың банктерді бағалау моделінің көптеген көрсеткіштерінің есептеулерін жүргіп барлық қатысушы банктердің қаржылық жағдайынбағалай алатындай толық ашықтық жағдайларын жасау екенін ескере отырып, ресми сайттарында немесе өзге де ашық ресми көздерде қосымша ақпаратты ашу арқылы банктер қызметінің ашықтығы мен жариялылығын арттыру бөлігіндегі өзгерістер келешекте жоспарлануда.

7 күн ішінде төлемдерді қамтамасыз етудің әрі қарайғы қадамдары

Лицензиядан айырылған банктің салымшыларына өз қаражатына жедел қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында Қор IADI-дің Негіз қалаушы қағидаттарына және ЕАЭО-ға қатысушы мемлекеттердің депозиттеріне кепілдік беру жүйелерін үйлестіру жөніндегі ұсынымдарға сәйкес төлемдерді бастаудың заңнамалық

мерзімін (35 жұмыс күні) келешекте 7 жұмыс күніне дейін одан әрі қысқартуға бағытталған іс-шаралар өткізуді жоспарлайды.

Ағымдағы сәтте ҚР заңнамасына сәйкес кепілдік берілген өтемді төлеуді бастау мерзімі қатысушы банк лицензиядан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күнді құрайды, оның ішінде 20 жұмыс күні Р&А (банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде беру жөніндегі операциялар) өткізу туралы шешім қабылдауға және келісуге бөлінеді.

Р&А операциясын өткізу жеке тұлғалардың жинақтарын басқа жұмыс істеп тұрған банкке толық көлемде беру және салымшылардың өз қаражатына қол жеткізуінің үздіксіздігін қамтамасыз ету есебінен қатысушы банк депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай операцияны жүргізу туралы шешім қабылдау ұзақтығы кепілдік берілген өтем төлемдерінің басталу мерзімін ұзартуы мүмкін.

Осыған байланысты Қор ҚРҰБ және Агенттікпен бірлесіп, қатысушы банкті лицензиядан айырылғанға дейін Р&А операциясын өткізу немесе өткізбеу туралы шешім қабылдау мүмкіндігі туралы мәселеге бастамашылық жасап, кейіннен заңнамалық өзгерістер енгізуді жоспарлап отыр. Осы бағыттағы жұмыс Қорға сақтандыру жағдайы басталған кезде кепілдік берілген өтемді төлеуді бастау мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді, бұл халықтың банк секторына деген сенімін одан әрі арттырады және депозиттерге кепілдік берудің ұлттық жүйесінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

12

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ
КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

KDIF

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Корпоративтік
басқару



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Қордың жалғыз акционері

ҚДКБҚ-ның жалғыз акционері Қордың жоғары органының функцияларын жүзеге асыратын ҚРҰБ болып табылады.

ҚРҰБ Төрағасының бұйрығына сәйкес жалғыз акционердің (бұдан әрі – Акционер) құзыретіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау құқығы ҚРҰБ Төрағасының орынбасары Б.Ш. Шолпанқұловқа берілді.

2021 жылы Акционер Қордың айрықша құзыретіне кіретін ең маңызды мәселелері бойынша 5 шешім қабылдады, атап айтқанда:

- Қордың Директорлар кеңесінің құрамына өзгерістер енгізу;
- жылдық қаржылық есептілікті және 2020 жылғы таза табысты бөлу тәртібін бекіту;
- Қордың Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекіту;
- Қордың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігіне міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымды айқындау.

Қордың Директорлар кеңесі

Акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесі Қордың Жарғысына сәйкес Қор қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

2021 жылға арналған Қордың Директорлар кеңесінің құрамы:

Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы:

Баймағамбетов А.М.,
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары.,
Акционердің өкілі;

Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері:

Тәжияков Б.Ш. – тәуелсіз директор;

Қарағұсов Ф.С. – тәуелсіз директор;

Тутушкин В.А. – ҚРҰБ Төрағасының
орынбасары, Акционердің өкілі;

Көбенбаев О.М. – ҚРҰБ қаржылық
тұрақтылық және зерттеулер
департаментінің директоры, Акционердің
өкілі;

Өтембаев А.Н. – Қордың Төрағасы.

Қордың Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары

Есептік жылы Қордың Директорлар кеңесінің 38 отырысы өткізілді (сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаумен), онда оның айрықша құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қаралды және қабылданды, оның ішінде:

- 1) Қордың комплаенс-бақылаушысы лауазымын енгізу және Қор қызметкерінің осы лауазымға кандидатурасын бекіту;
- 2) Қорда ішкі аудитті ұйымдастыру ережелерін және Қордың Ішкі аудитору туралы ережелерді бекіту;
- 3) Қордағы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және бағалау ережелерін бекіту;
- 4) жеке тұлғалардың жаңадан тартылатын депозиттері бойынша сыйақының ең жоғары мөлшерлеменің мөлшерін айқындау және белгілеу әдістемесіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 5) Қордың 2020 жылға арналған Даму жоспарының (бұдан әрі – Жоспар) орындалуы туралы есепті бекіту, 2021 жылға арналған Жоспарға түзетулер енгізу, сондай-ақ 2022 жылға арналған бюджет көрсеткіштерімен 2022-2026 жылдарға арналған Жоспарды бекіту;
- 6) барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу, сондай-ақ кепілдік берілген өтем төлемдерінің электрондық порталына қосылу және оған қол жеткізу ережелерін бекіту;
- 7) агент банктердің алдын ала тізбесін бекіту және агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банкті (агент банктерді) таңдау ережелерін бекіту;
- 8) ДКБЖ қатысушы банктердің депозиторларын Қордың хабардар ету тәртібін бекіту;
- 9) міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін жаңа редакцияда айқындау ережелерін бекіту;
- 10) Қосылу шартына өзгерістер мен толықтыруларды және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік

беру қоры» АҚ-ның ДКБЖ-не қатысушы банктің Қосылу шартының талаптарын орындауының, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілдік берілген өтем сомаларын автоматтандырылған есепке алу бойынша сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу ережелерін бекіту;

11) Қордың 2022-2024 жылдарға арналған аудиторлық тексерулердің орта мерзімді жоспарын бекіту;

12) 2021 жылға арналған комплаенс-бағдарламаны қалыптастыру жөніндегі Қордың комплаенс-бақылаушысының жұмыс жоспарын бекіту;

13) Қордың Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарының орындалуы жөніндегі есептік тоқсан сайынғы негізде қарау және Қордың Директорлар Кеңесінің келесі кезеңге арналған жұмыс жоспарын бекіту;

14) 2021 жылға арналған комплаенс-бағдарламаны қалыптастыру жөніндегі Қордың комплаенс-бақылаушысының жұмыс жоспарының орындалуы жөніндегі есептік тоқсан сайынғы негізде қарау.

Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері

2021 жылы Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері Қордың Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында неғұрлым маңызды мәселелерді қарау және келесі отырыстар шеңберінде Қордың Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар дайындау бойынша жұмыс жүргізді:

Стратегиялық комитет – 14 отырыс;

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Комитет – 6 отырыс;

Аудит жөніндегі комитет – 12 отырыс.

Қордың Консультативтік кеңесі

Қордың Консультативтік кеңесі – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін алқалы консультативтік-кеңесші орган.

Қордың Консультативтік кеңесінің негізгі міндеті қатысушы банктердің пікірлері мен ұстанымдарын ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесіне ұсынымдар беру арқылы ДКБЖ жетілдіруге жәрдемдесу болып табылады.

Есептік жылы Қордың Консультативтік кеңесінің 13 отырысы өткізілді, онда мынадай негізгі мәселелер талқыланды:

- 1) міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшерін айқындау үшін депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің қаржылық жағдайын бағалаудың жаңа моделін мақұлдау және жаңа редакцияда міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналардың мөлшері мен төлеу тәртібін айқындау қағидаларын келісу;
- 2) ДКБЖ қатысушы банктердің «Кепілдік берілген өтем сомасын төлеудің электрондық порталы» ақпараттық жүйесімен өзара іс-қимылының бірыңғай механизмін келістіру;
- 3) барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған депозиттерге міндетті

кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу, сондай-ақ кепілдік берілген өтем сомасын төлеудің электрондық порталына қосылу және оған қол жеткізу ережелерін мақұлдау;

4) агент банктердің алдын ала тізбесін бекіту және агент банктерге қойылатын талаптарды белгілеу, сондай-ақ кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру үшін агент банкті (агент банктерді) таңдау ережелерін мақұлдау;

5) Қосылу шартына өзгерістер мен толықтыруларды және «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ның ДКБЖ қатысушы банктің Қосылу шартының талаптарын орындауының, оның ішінде қатысушы банктің кепілдік берілетін депозиттер бойынша міндеттемелерін және кепілдік берілген өтем сомаларын автоматтандырылған есепке алу бойынша сәйкестігін белгілеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу ережелерін енгізуді мақұлдау;

6) Қордың Консультативтік кеңесі туралы ережелерді жаңа редакцияда қарау және мақұлдау.





13

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ

Қаржылық
есептілік



ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	170,645,464	66,168,402
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар	888,682,589	873,694,310
Дебиторлық берешек	4,022,528	4,385,627
Өзге активтер	416,821	447,557
Материалдық емес активтер	13,344	17,482
Негізгі құралдар	51,231	56,314
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	1,063,831,977	944,769,692
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Бағалау міндеттемелері	61,130,493	53,056,189
Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша салымшылар алдындағы міндеттемелер	2,319,379	2,255,315
Өзге міндеттемелер	447,164	411,339
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	63,897,036	55,722,843
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	235,794,400	235,794,400
Бөлінбеген пайда	76,459,383	52,518,368
Эмиссиялық табыс	647	133
Арнайы резерв	685,322,567	598,376,004
Өзге резервтер	2,357,944	2,357,944
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	999,934,941	889,046,849
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	1,063,831,977	944,769,692

Пайда мен шығын және өзге жиынтық кіріс туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісімен есептелген пайыздық табыс	85,786,454	72,884,116
Өзге ұқсас табыс	-	81,974
Қатысушы банктердің жарналарынан табыс және мәжбүрлеп таратылатын банктердің тарату комиссиясынан түсімдер	55,210,836	39,172,057
Салымшылар алдындағы міндеттемелерді есептен шығарудан түскен кіріс	9,133	100,517
Мәжбүрлеп таратылған банктердің депозиторларына өтемдер бойынша шығын	(6,464,372)	(6,867)
Шетел валютасымен жасалатын операциялардан таза зиян	2	(1,015)
Кредиттік зияндарды бағалау резервтері	(105,363)	360,149
Бағалау міндеттемелері бойынша резерв	(22,406,405)	(37,648,928)
Өзге операциялық табыс	79,729	5,966
Әкімшілік және өзге операциялық шығындар	(1,188,573)	(966,417)
Корпоративтік табыс салығын ұстау бойынша шығыстарды өтеуден түсетін кірістер	279,427	-
Активтердің істен шығуы бойынша шығын	(8)	(1,627)
Салық салынғанға дейінгі пайда	111,200,860	73,979,925
Табыс салығы бойынша шығын	(313,281)	(44,667)
БІР ЖЫЛҒА ПАЙДА	110,887,579	73,935,258
БІР ЖЫЛҒА ЖИЫНТЫҚ КІРІС ЖИЫНЫ	110,887,579	73,935,258

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	Акционерлік Капитал	Эмиссиялық табыс	Резервтік капитал	Арнайы резерв	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 1 қаңтарға қалдық	235,794,400	133	2,357,944	500,764,758	76,194,356	815,111,591
Бір жылға пайда	-	-	-	-	73,935,258	73,935,258
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-
2020 жылға жиынтық кіріс жиыны	-	-	-	-	73,935,258	73,935,258
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	-	-	-	97,611,246	(97,611,246)	-
2020 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	52,518,368	889,046,849
Бір жылға пайда	-	-	-	-	110,887,579	110,887,579
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	-	-	-
2021 жылға жиынтық кіріс жиыны	235,794,400	133	2,357,944	598,376,004	110,887,579	110,887,579
Арнайы резервті қалыптастыру және қайта үлестіру	-	514	-	86,946,563	(86,946,563)	513
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	235,794,400	647	2,357,944	685,322,567	76,459,383	999,934,941

Ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептеме

Қазақстандық мың теңгемен	2021 ж.	2020 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары		
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	30,795,351	30,470,783
Тарату комиссиясынан түсім	24,245,281	8,223,135
Орналастырылған салымдар бойынша сыйақылар түсімі	10,896,107	4,486,609
Амортизацияланатын құн бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар бойынша алынған сыйақы	65,518,169	55,883,782
Салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банктерге аударым	(20,360,492)	(17,430,000)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша алынған сыйақы	-	81,973
Салымшыларға кепілдік берілген өтем төлемдері	2,211	(243)
Өзге алынған операциялық табыс	15,206	33,107
Қызметкерлерді ұстауға кеткен шығындар	(574,730)	(493,911)
Төленген әкімшілік және өзге операциялық шығындар	(558,503)	(432,584)
Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	109,978,600	80,822,651
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары		
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарға инвестициялар сатып алу	(188,568,634)	(358,298,486)
Амортизацияланған құн бойынша көрініс табатын борыштық бағалы қағаздарды жабу және сатудан түсім	183,080,491	304,790,672
Негізгі құралдарды сатып алу	(12,063)	(8,387)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(1,334)	-
Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	(5,501,540)	(53,516,201)
Ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламаларына айырбас бағамы өзгерістерінің әсері	2	(1,015)
Ақша қаражаттарының және ақша қаражаттары баламаларының таза өсімі/(төмендеуі)	104,477,062	27,305,435
Жыл басына ақша қаражаттары және ақша қаражаттарының баламалары	66,168,402	38,862,967
Жыл соңына ақша қаражаттары және ақша қаражаттары баламалары	170,645,464	66,168,402

2021

KDIF

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ

КАЗАХСТАНСКИЙ ФОНД
ГАРАНТИРОВАНИЯ ДЕПОЗИТОВ